



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің салық полициясы органдары туралы уақытша ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қауылысы 1996 жылғы 25 қараша N 1436.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.08.29. N 1308 Қаулысымен. ~P971308

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті туралы"
Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 14 қыркүйектегі
N 3113

U963113_

Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының
Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитетінің салық
полициясы органдары туралы Уақытша ереже бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 25 қарашадағы

N 1436 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық
комитетінің салық полициясы органдары туралы
Уақытша Ереже

Осы ереже Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті

Салық полициясы бас басқармасының және оның аймақтық басқармаларының

(бұдан әрі - салық полициясы) құқықтық негіздерін, ұйымдастыру және қызмет принциптерін, жүйесі мен құрылымын, өкілеттігін айқындайды.

I. Жалпы ережелер

1. Салық полициясы Қазақстан Республикасы салық қызметінің құрамындағы мемлекеттік мамандандырылған орталықтандырылған құқық қорғау органы болып табылады және өз қызметін елдің салық салу саласындағы экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.

II. Салық полициясының негізгі міндеттері

2. Салық полициясының негізгі міндеттері:

салық заңдарының бұзылу фактілерін жинау, талдау және бағалау, салықтық құқық бұзуға және қылмыс жасауға апаратын себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті, ұсыныстар енгізу;

салықтарды төлеуге байланысты немесе заңды және жеке тұлғалардың табыстары (кірістерді) жасыру және азайтып көрсету, салық салынатын объектілерді жасыру мақсатында жасалған қылмыстарды және басқа құқық бұзушылықтарды салық төлеуден және бюджетке төленетін басқа да төлемдерден жалтаруды, сондай-ақ салықтар мен өзге де төлемдердің бюджетке түспеуіне немесе толық түспеуіне байланысты мемлекетке шығын келтіруге әкеліп соқтыратын өзге де қылмыстар мен құқық бұзушылықтарды анықтау және о л а р д ы ң ж о л ы н к е с у ;

салық қызметі жұмысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның қызметкерлерін қызметтік міндеттерін атқару кезінде қылмыскерлік және басқа да құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау;
салық қызметі органдарында жемқорлықтың алдын алу, анықтау және

жолын кесу;

салық төлеуден жалтарған жеке және заңды тұлғаларды іздестіруді жүзеге асыру;

салықтық қылмыстарға және құқық бұзушылыққа қарсы күрес жүргізу мәселелері бойынша құқық қорғау, бақылау жасау және басқа да мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау;

салықтық құқық бұзушылық пен қылмыскерлік бойынша мемлекетке

келтірілген залалдың орнын толтыру жөнінде өз құзыретінің шегінде шаралар қолдану болып табылады.

Салық полициясына өзге міндеттер тек заңмен ғана жүктелуі мүмкін.

III. Салық полициясы қызметінің құқықтық негіздері және принциптері

3. Салық полициясы өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтары мен өкімдерін, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдерін, осы Ережені, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің нормативтік актілерін басшылыққа алады.

Жұмысты ұйымдастыру және жедел іздестіру қызметін жүргізудің тәсілі салық полициясының "Жедел іздестіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына қайшы келмейтін ведомстволық актілерімен реттеледі.

Бұл актілердің талаптары тек салық полициясы қызметкерлерінің орындалуы
ү ш і н м і н д е т т і .

4. Салық полициясы органдарының қызметі заңдылық, адам мен азаматтық құқықтары мен бостандығын құрметтеу, жоғарыдан төмен қарай жоғары тұрған органдардың бақылауында болу және оларға есеп беру, қызметтің жариялы және жариялы емес нысандарын үйлестіру, басқа да мемлекеттік органдармен қоғамдық бірлестіктермен және азаматтармен, басқа мемлекеттердің салықтық қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау, салық полициясы органдарының бірлігі мен орталықтануы, құпиялықты сақтау арқылы олардың тәуелсіздігі және дара басшылығы принциптеріне құрылады.

Салық полициясының органдары өз бастықтарына тікелей бағынысты болады . Мемлекеттік басқару органдары салық полициясының заңды қызметіне араласа және к е д е р г і ж а с а й а л м а й д ы .

Салық полициясы қызметкерлерінің процессуалдық жағдайы заңмен а й қ ы н д а л а д ы .

IV. Салық полициясының жүйесі

5. Салық полициясының органдары Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

салық комитетінің құрамындағы төменде тұрғандардың жоғарыдағыларға тікелей есеп беретін, орталықтандырылған құрылымдық бөлімше болып т а б ы л а д ы .

Мемлекеттік салық комитеті Салық полициясының бас басқармасы, "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес салық полициясы органдарының алдында тұрған міндеттерді орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, оған бағынысты аймақтық және мамандандырылған органдары салық полициясы органдарының бірыңғай жүйесін құрайды.

6. Салық полициясы органдарының қылмыстық-процессуалдық және жедел іздестіру жұмыстарынан басқа қызметіне басшылықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы жүзеге асырады.

Салық полициясы органдарына жедел басшылықты Мемлекеттік салық комитеті төрағасының орынбасары - Салық полициясы бас басқармасының бастығы жүзеге асырады. Салық полициясы бас басқармасы бастығының лауазымы мәртебесі жөнінен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитеті төрағасының бірінші орынбасарының лауазымына теңестіріледі.

7. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы Салық полициясы бас басқармасы бастығының ұсынысы бойынша салық полициясының құрылымы мен штаттық кестесін бекітеді, қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, салық заңдарына сәйкес және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің салық полициясында қызмет өткеру туралы ережеде айқындалған тәртіппен салық полициясының қызметкерлеріне арнайы атақтар береді.

8. Салық полициясының бас басқармасы:
салық басқармасы органдарының жүйесі бөлімшелерінің қызметіне басшылық пен бақылауды жүзеге асырады;
салық полициясы органдарының негізгі бағыттар бойынша қызметіне үйлестіруді және оның келісімділігін қамтамасыз етеді;
салық полициясы бөлімшелерінің заңдарды және басқа нормативтік құқықтық актілерін қолдану практикасын зерделейді және қорытады, оларды қолдану жөнінде бұйрықтар мен әдістемелік нұсқаулар шығарады;
қызметтің негізгі бағыттары бойынша бағалаудың өлшемдерін белгілейді және ұсыныстар әзірлейді;

ведомстволық мәліметтер мен статистикалық көрсеткіштерге талдау жүргізеді;

салық полициясы қызметкерлерін даярлау және олардың біліктігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

салық полициясы қызметкерлерін арнаулы есепке алуды жүзеге асырады;

салықтық құқық бұзушылықтарға және қылмысқа қарсы күрес жөніндегі халықаралық ынтымақтастық мәселелері бойынша салықтық қызмет органдарының атынан іс-қимыл жасайды.

9. Салық полициясы бас басқармасының жанынан, ережесін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің төрағасы бекітетін, ғылыми-консультативтік кеңес құрылуы мүмкін.

10. Салық полициясы бас басқармасының жанынан, полицияның аймақтық органдарының қолда бар бос орындарының есебінен міндетіне үлкен қоғамдық пікірге ие немесе тергеуде елеулі күрделілік келтіретін материалдар бойынша практикалық көмек көрсету кіретін, аймақаралық бөлімшелер құрылуы мүмкін.

Осы іс-әрекеттер үшін, сондай-ақ салық полициясы қызметкерлерін өндірістен қол үзіп оқытуды ұйымдастыру мақсатында Салық полициясы бас басқармасының бастығына төменгі буындардағы қызметкерлерді республикалық және облыстық салық полициясы органдарына іссапарға жіберу құқығы берілген. Бұдан басқа, Салық полициясы бас басқармасының бастығы Салық полициясының бас басқармасы орталық аппаратының бөлім бастығына дейінгі қызметкерлерін, сондай-ақ облыстық салық полициясы басқармаларының басқарма бастығының орынбасарына дейінгі қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

11. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік салық комитетінің Салық полициясы бас басқармасы заңды тұлға болып табылады, оқшау мүлікке ие, банктерде есеп айырысу шоты және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген, қазақ және орыс тілдерінде атауы жазылған мөрі бар.

12. Облыстардың және Алматы қаласының салық полициясының басқармалары заңды тұлға мәртебесіне ие және Салық полициясы бас басқармасының бастығына - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті төрағасының орынбасарына бағынады.

13. Салық полициясы аймақтық органдарының басшылары мемлекеттік салық басқармаларының және бөлімдерінің тиісті бастықтарымен бірге оларға жүктелген міндеттерді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, оларға бағынысты бөлімшелердің қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылап отырады.

Ү. Салық полициясы органдарының және оның лауазымды тұлғаларының құқықтық мәртебесі

14. Салық полициясы органдары:

салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу немесе толық төлемеу арқылы мемлекетке залал келтіруге әкеліп соқтырған қылмыстар туралы өтініштерге, хабарларға және басқа ақпараттарға тексеру жүргізу;

заңдарға сәйкес салық төлеушілер туралы ақпараттың құпиялығын сақтауға;
салықтық қылмыстарды жинақтауды, талдауды және оларға баға беруді жүргізу және оларға жағдай туғызатын себептер мен жағдайларды жою жөнінде тиісті ұсыныстар енгізуге;

салықтарды төлеуге байланысты қылмыстарды ашу және тергеу мақсатында заңда белгіленген тәртіппен жауап алу, жедел іздестіру және тергеу қызметтерін жүргізуге;

алдындағы тексерулердің мерзімдеріне және көлемдеріне қарамастан, салықтарды төлеуге байланысты немесе табыстарды (кірістерді) жасырып қалу немесе кеміту, лауазымды тұлғалар мен азаматтардың салық салынатын объектілерді жасырып қалуы мақсатында жасалған қылмыс пен ашық құқық бұзуды, өзге де салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтаруды, сондай-ақ салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді немесе толық төлемеу арқылы мемлекетке залалдар келтірілуге әкеліп соқтырған қылмыстарды ашуға және олардың жолын кесуге;

өз құзыретінің шегінде салықтық қызмет жұмысының қауіпсіздігін, оның қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерін салықтық қызмет жұмысына байланысты қылмыскерлік және басқа құқыққа қарсы қол сұғушылықтарды қорғауды қамтамасыз етуге;

салықтық қызмет органдарында жемқорлық және қызмет бабын пайдалану фактілерінің алдын алуға, ашуға және олардың жолын кесуге;

өз құзыретінің шегінде салықты және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуден жалтарушы, олардың мемлекет алдында қарызы барлығы немесе декларация беруден жалтарғандығы туралы оларға қатысты ресми мәліметтер түскен жеке және заңды тұлғаларды іздестіруді жүзеге асыруға міндетті.

15. Салық полициясына заңда көзделмеген міндеттер жүктеліне алмайды.

16. Салық полициясы органдарының:

заңды тұлғалар (жұмыс режимі ерекше заңды тұлғаларды қоса алғанда) мен жеке тұлғалардың барлық ақша құжаттарына, бухгалтерлік кітаптарына, есептеріне, сметаларына, қолдағы ақша қаражатына, бағалы қағаздары мен құнды заттарына, есептемелеріне, декларацияларына және магнитті тасымалдаушылардағы ақпараттармен қоса, салықтарды және бюджетке төленетін төлемдерді есептеуге және төлеуге байланысты өзге де құжаттарына тексеру жүргізуге, ұйымдардың лауазымды адамдар мен басқа да қызметкерлерінен, сондай-ақ азаматтардан аталған тексерулердің барысында туындаған мәселелер бойынша анықтамалар, ауызша және жазбаша түсініктемелер алуға;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес салықтық тергеулер жүргізуге

;

ұйымдар мен азаматтардың өндірістік, қоймалық, сауда және басқа жағдайларына бөгетсіз кіруге, оның ішінде кез келген арнаулы техникалық құралдарды (аудио-бейне жазбаларды, кинофототүсірулерді және басқа техникалық құралдарды) қолдану арқылы тексеру жүргізуге, қажет болған жағдайда оларды мөрлеп жауып тастауға;

қылмысты іс қозғау туралы мәселені шешу кезінде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру және алдын ала қылмыстық зерттеу жүргізуге;

өз құзыретінің шегінде ұйымдардың басшыларына және басқа да лауазымды адамдарына, сондай-ақ азаматтарға анықталған салықтық заңдардың бұзылуын жою туралы орындалуы міндетті нұсқаулар беруге және олардың орындалуын бақылауға;

салық полициясы органының бастығының немесе оның уәкілеттігі бойынша орынбасарының атынан анықталған салықтық заңдардың бұзылуын жою туралы талаптарды орындамаған, тексеруге және зерттеуге жібермеген, салық полициясының қызметкерлеріне бухгалтерлік есептер мен баланстарды, есеп айырысуларды, декларацияларды және кірістер алуға, салық салынатын объектілердің мазмұнына, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді есептеуге және төлеуге байланысты өзге де құжаттарды бермеген жағдайларда, банктерді есеп айырысу және басқа да шоттар бойынша салық төлеушілердің қаржы жұмсау операцияларын анықтаған тәртіп бұзулар жойылғанға дейін тоқтата тұруға;

салық заңдарын бұзған ұйымдарға, лауазымды адамдар мен азаматтарға қолданылып жүрген заңдарда көзделген салықтық санкциялар мен айыппұлдарды қолдануға;

салықтарды, айыппұлдарды және өсімдерді белгілеген мерзімде төлемеген кезде заңдарға сәйкес ұйымдар мен азаматтардың жылжымалы мүліктерін, ақша-валюталық қаражатын қаттауға;

лауазымды адамдар мен азаматтар жасаған құқық бұзу фактілері бойынша хаттамалар жасауға;

сауда және басқа да ұйымдарда, жеке кәсіпорындарда тауарларды (өнімдерді) бақылауға сатып алуға, ұсынылатын жұмыстар мен қызмет көрсетулерді тексеруге;

басқа заңды тұлғалардан, банк операцияларының жекелеген түрлерін тек қызметтік мақсатта жүзеге асырушы банктерден, биржалар мен азаматтардан тексерілетін ұйымдар мен азаматтардың кәсіпкерлік қызметі, операциялары шоттарындағы ақша қаражатының жай-күйі туралы мәліметтер, анықтамалар,

сондай-ақ құжаттар алуға;

өз құзыретінің шеңберінде, егер оларды қылмыс жасады деп күдіктенуге жеткілікті негізі болмаса немесе олар әкімшілік құқықты бұзған жағдайда, азаматтардан және лауазымды тұлғалардан жеке басын анықтау үшін қажетті құжаттарды талап етуге және тексеруге;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздерде және тәртіпте салықтық қылмыстарды ашу, олардың алдын алу және жолын кесу мақсатында жедел-іздігіздіру қызметін, анықтау мен алдын-ала тергеуді жүзеге асыруға;

қылмыс белгілері немесе құқық бұзушылық байқалған кезде қылмыстық-процессуалдық, әкімшілік және өзге де заңдарда көзделген негіздерде, тәртіп пен мерзімдерде заңды және жеке тұлғаларға шұғыл тексеру жүргізуге;

қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қаруды, арнаулы құралдарды сақтауға, алып жүруге, қолдануға;

әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы хаттама жасауға, әкімшілік тұтқындауды жүзеге асыруға, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңдарға сәйкес әкімшілік жазаға тарту шараларын қолдануға;

уақытша оқшаулап ұстаулардың (УОҰ), тергеу оқшауларының (ТО) ақпараттық орталықтарын (АО) басқа да ақпараттық іздігіздіру жүйелерінің (жедел-іздігіздіру қызметінің объектілері мен субъектілерін есепке алудан басқа) мүмкіндіктерін ақысыз негізде пайдалануға;

ақпараттарды қорғаудың техникалық құралдарын және байланыстың арнаулы құралдарын пайдалануға. Мүдделі ведомстволармен келісім бойынша ақысыз негізде қажетті телерадио байланысын пайдалануға;

қызмет және іссапар куәліктерін көрсету бойынша көліктің барлық түрлеріне жол жүру құжаттарын кезектен тыс алуға және қонақ үйлерінде тұру үшін орын алуға құқы бар.

ҮІ. Салық полициясы қызметкерлерінің жауапкершілігі және олардың қызметін қадағалау

17. Салық полициясының қызметкерлері заңды бұзғаны және қызметтік міндеттерін тиісті емес түрде орындағаны үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

Салық полициясы қызметкерлерінің заңды және жеке тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуы салық полициясы органдарының оларға келтірілген зияндардың орнын толтыру жауапкершілігіне жатады.

Салық полициясы қызметкерлерінің заңсыз іс-әрекеттеріне бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған органға, прокуратураға немесе сотқа шағым жасалуы

м ү м к і н .

Салық полициясының жауап алу, тергеу және жедел-іздестіру қызметін жүргізу кезінде заңдарды дәл және біркелкі қолдануын қадағалауды прокуратура органдары жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК